«Транстелеком» АҚ
2023 жылдың 22 маусымдағы
№15/2023
Басқарма шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

«Транстелеком» АҚ Экологиялық саясаты

"Транстелеком" акционерлік қоғамы (әрі қарай – Қоғам) телекоммуникациялық және IT қызметтер көрсету, жобаларды іске асыру, инфрақұрылымды дамыту және пайдалану саласындағы өз қызметін жүзеге асыра отырып, Қоғамның қызметі, кез келген басқа өндірістік қызмет сияқты, қоршаған ортаға әсер ететінін толық көлемде түсінеді.

Біздің экологиялық саясатымыздың негізгі мақсаты – табиғат пен табиғи ресурстарға ұқыпты қарау, өндіріс қалдықтары мен атмосфераға шығарындыларды азайту және Қоғамның экологиялық көрсеткіштерін жақсарту арқылы қоршаған ортаға кері әсерді барынша азайту.

Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешу көзделеді:

- Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының талаптарын сақтауды қамтамасыз етуге, қоршаған ортаға теріс әсерді барынша азайтуға, сондай-ақ Қоғам қызметкерлерінің қоршаған ортаны басқару жүйесінің барлық элементтеріне олардың белсенді қатысуына ұмтылады;
- тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу;
- мақсаттар мен бағдарларды белгілеу, прогресті өлшеу және нәтижелеріміз туралы есеп беру арқылы экологиялық көрсеткіштерімізді жақсарту мүмкіндіктерін іздеу;
- ең үздік қолжетімді технологияларды енгізу арқылы қоршаған ортаға кері әсерді азайту арқылы экологиялық қауіпсіздік деңгейін арттыру;
- қоршаған ортаға кері әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін Қоғам қызметінің маңызды экологиялық әсерін анықтау, сондай-ақ оны төмендету жөніндегі шараларды әзірлеу және іске асыру;
- **MS ISO 14001-2016** талаптарына сәйкес Қоғамның экологиялық менеджмент жүйесін қолдау және үздіксіз жетілдіру, оны өз қызметі саласындағы артықшылықтың маңызды құрамдас бөліктерінің бірі ретінде қарастыру;
- қоғамның барлық қызметкерлерін осы саясаттың мақсаттарына қол жеткізу және қоршаған ортаға кері әсерлерді алдын алу жөніндегі іс-шараларға белсенді қатысуы үшін қажетті ақпаратпен және құралдармен қамтамасыз ету.

Қоғам басшылығы экологиялық саясатты іске асыру үшін жауапкершілікті өз мойнына алады. Біздің саясатымыз энергияны, суды және басқа да табиғи ресурстарды үнемдеу, қайта өңдеу қалдықтарының түзілуін азайту және уытты материалдарды пайдалануды азайту арқылы жергілікті және жаһандық қоршаған ортаға әсерімізді азайту үшін барлық әрекеттерімізді үнемі жетілдіру болып табылады және экологиялық менеджмент жүйесінің тиімділігін үнемі арттыруға міндеттеме алады.